

БӨЛІМ: ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Мағжан Жұмабаев өмірі мен шығармашылығы 8-сынып Мұғалімі: Жолдасбекова Бағлан

ЖАРИЯЛАНДЫ
09.03.2018СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/29986/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ: МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

САБАҚТЫҢ МАҚСАТЫ: БІЛІМДІЛІК – МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ҚЫР-СЫРЛАРЫН МЕҢГЕРУГЕ, МАЗМҰНЫНА ТЕРЕҢДЕЙ БОЙЛАЙ ОТЫРЫП, ШЫҒАРМАЛАРЫНА ЖАН-ЖАҚТЫ ТАЛДАУ ЖАСАУҒА ЫҚПАЛ ЕТУ.

ДАМУШЫЛЫҚ – САЛЫСТЫРУ АРҚЫЛЫ ТАЛДАУ ЖАСАУҒА ДАҒДЫЛАНАДЫ, ӨЗ ПІКІРІН ЕРКІН ЖЕТКІЗУГЕ ҚАЛЫПТАСАДЫ;

ТӘРБИЕЛІК – АҚЫН ӨМІРІ МЕН ЕҢБЕГІНЕН ҮЛГІ АЛЫП, ЕЛІН, ТУҒАН ЖЕРІН, ТІЛІН СҮЙЕ БІЛУГЕ ДАҒДЫЛАНАДЫ.

САБАҚТЫҢ МІНДЕТТЕРІ:

МАЗМҰНҒА БАЙЛАНЫСТЫ: ӨЗ БЕТІНШЕ ІЗДЕНУ, МӘТІН МАЗМҰНЫН МЕҢГЕРУ.

СТО-ҒА БАЙЛАНЫСТЫ: АҚЫН ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНАН ҮЛГІ-ӨНЕГЕ АЛУ, БҮГІНГІ ӨМІРІМЕН САЛЫСТЫРУ.

ТОПҚА БАЙЛАНЫСТЫ: ЖЕКЕ, ЖҰПТА, ТОПТА ЖҰМЫС ІСТЕП, БІР-БІРІН ТЫҢДАЙ БІЛУГЕ ЖҰМЫЛДЫРУ.

КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ: ӘР ОҚУШЫ ӨЗ БЕТІНШЕ ІЗДЕНЕ АЛАДЫ; МӘТІН МАЗМҰНЫМЕН ТАНЫСАДЫ, АҚЫН ӨМІРІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТАРДЫ МЕҢГЕРЕДІ; ӘР ОҚУШЫ ӨЗ ОЙЫН, КӨЗҚАРАСЫН АЙТУҒА МҮМКІНДІК АЛАДЫ, ПІКІРІН ДӘЛЛЕЛДЕЙДІ, ҚОРҒАЙДЫ, ТЫҢДАУ ӘДЕБІН МЕҢГЕРЕДІ.

САБАҚТЫҢ ТҮРІ: АРАЛАС САБАҚ.

САБАҚТЫҢ **ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ:**
«ББҮ» ӘДІСІ, ТОПТАСТЫРУ, ДЫБЫСТАР СӨЙЛЕЙДІ, БЕС ЖОЛДЫ ӨЛЕҢ, СЕМАНТИКАЛЫҚ КАРТА.

САБАҚТЫҢ КӨРНЕКІЛІГІ: АҚЫН ПОРТРЕТІ, ШЫҒАРМАЛАРЫ, ТІРЕК СЫЗБАЛАР, ИНТЕРАКТИВТІ ТАҚТА.

САБАҚТЫҢ БАРЫСЫ:

I. ҰЙЫМДАСТЫРУ КЕЗЕҢІ:

ОҚУШЫЛАРДЫ ТҮГЕЛДЕУ, САБАҚҚА ЫНТАСЫН АУДАРУ.

СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ҮШ ТОПҚА БӨЛУ:

I ТОП — «АЛҒЫРЛАР»,

II ТОП - «ТАПҚЫРЛАР»,

III ТОП - «БІЛІМДІЛЕР»

II. ҮЙ ТАПСЫРМАСЫН СҰРАУ ,ТЕКСЕРУ ,ҚОРЫТУ.

II. ҮЙ ТАПСЫРМАСЫН СҰРАУ:

I ТОП: М.ДУЛАТОВ ТУРАЛЫ ҚОСЫМША ДЕРЕКТЕР;

II ТОП: АҚЫН ӨЛЕҢДЕРІН ЖАТҚА ОҚУ;

III ТОП: “АНА” ТАҚЫРЫБЫНА ЭССЕ ЖАЗУ;

III. ЖАҢА САБАҚ

I. ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫ ОЯТУ.

II. МАҒЫНАНЫ ТАНУ.

III. ОЙ ТОЛҒАНЫС

I саты .Қызығушылықты ояту.

ББҮ кестесі. Қосымша мәліметтер тарату. М.Жұмабаев туралы не білеміз?

Білемін

Білгім келеді

Үйрендім

II САТЫ . МАҒЫНАНЫ ТАНУ.

М.ЖҰМАБАЕВ (1893 - 1938 Ж.) СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ, ҚАЗІРГІ М.ЖҰМАБАЕВ АУДАНЫ, САСЫҚКӨЛ ЖАҒАСЫНДА ДҮНИЕГЕ КЕЛЕДІ.АҚЫН, ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ КӨРНЕКТІ ӨКІЛІ, 1912 ЖЫЛЫ “ШОЛПАН” ТҰҢҒЫШ ӨЛЕНДЕР ЖИНАҒЫ ЖАРЫҚ КӨРДІ.

М.ЖҰМАБАЕВ — ФИЛОСОФ АҚЫН, “ҚОРҚЫТ” ПОЭМАСЫ БАР. МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА, МҰҒАЛІМДЕРГЕ АРНАП “ПЕДАГОГИКА”, “БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ АНА ТІЛІН ОҚЫТУ ЖӨНІ” ЕҢБЕКТЕРІН ЖАРИЯЛАДЫ. ОЛ ОРЫС АҚЫН - ЖАЗУШЫЛАРЫ И.ГЕТЕ, Г.ГЕЙНЕ, ЭБУ ФИРАС, А.В.КОЛЬЦОВ, М.Ю.ЛЕРМОНТОВ, А.А.ФЕТ, А.А.БЛОК, Д.Н.МАМИН-СИБИРЯК Т.Б. ӘҢГІМЕЛЕРІН ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ АУДАРҒАН. “ШОЛПАННЫҢ КҮНӘСІ” ӘҢГІМЕСІ АРҚЫЛЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛДАУ, САНА АҒЫМЫ ӘДІСТЕРІН ЕНГІЗДІ

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ КЕСТЕСІ.

1893 жылы	Қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы
25 маусым	Булаев ауданында дүниеге келді.
1905-1910 жылдары	Қызылжардағы медресесінде 12 жастан бастап оқиды.
1909 жылы	Абайдың Петербургте жарық көрген өлеңдерін оқып, сонан сусындайды.

1910 - 1912 жылдары	Уфадағы « Ғалия» медресесінде білім алады.
1912 жылы	19 жасар Мағжанның « Шолпан» атты тұңғыш жинағы, Қазан қаласында жарық көреді.
1912 жылы	Омбыдағы мұғалімдер семинариясына оқуға түседі.
1916 жылы	Семинарияны алтын медальмен бітіріп, мұғалім болып жұмыс істейді.
1916 жылы	« Алаш» партиясын құруға қатысады.
1919 - 1920 жылдары	Орынборда мұғалімдер курсында дәріс береді, дәл сол жылдары «Педагогика» атты кітабы жарық көреді.
1920-1921 жылдары	Ташкентте тұрып, «Сана», «Шолпан» журналдары мен «Ақ жол» газетінде еңбек етеді.
1923 - 1927 жылдары	Мәскеудегі жоғарғы әдебиет - көркем өнер институтында оқыды.
1929 жылы	«Алқа» астыртын ұйымды құруды жаламен 10 жылға сотталады.
1936 жылы	Максим Горькийдің араласумен бостандық алады .
1937 жылы	Желтоқсанның 30-ында қайта тұтқындалып
1938 жылы	Кеңес өкіметіне қарсы деген айыппен атылады.

Мағжан Жұмабаев шығармалары

Өлеңдері

“Түркістан”,
“Жазғытұры”,
“Сағындым”,
“Толқын”,
“Қазақ тілі”,
“Анама” т.б.

Поэмалары

“Батыр Баян”,
“Ертегі”,
“Қорқыт”,
“Жүсіп хан”,
“Қойлыбайдың
қобызы”,
“Тоқсанның тобы”

**Ғылыми
еңбектері**

“Педагогика”

**Прозалық
шығармасы**

“Шолпанның
күнәсі”

Мағжанның ақындығын аса жоғары бағалап, таңырқанған М. Әуезов былай деген: «...Мағжанды сүйемін! Қазақ жазушыларынан, әрине, Абайды сүйемін, менің бала күнімнен ішкен асым, алған нәрімнің барлығы да Абайдан... Бұдан соң Мағжанды сүйемін, Европалығын, жарқыраған әшекейін сүйемін. Мағжан мәдениеті зор ақын» М.Әуезрвтың пікірі.

Топтық тапсырмалар таратылады.

1-тапсырма: «Топтастыру» әдісі.

2-тапсырма: «Бес жолды өлең» әдісі.

3-тапсырма: Кейіпкерге хат.

III саты . Ой толғаныс.

Сабақты қорыту: Көрнекті жазушы, ақын, публицист, қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі-Мағжан Жұмабаевтың қысқыша өмірі мен шығармашылығы туралы танысып, өз ой-пікірлеріңді ортаға салдыңдар, балалар. Олай болса сендердің де білуге құштарлықтарың талмасын деп бүгінгі сабағымызды қорытындылаймыз.

Интерактивті тақта арқылы тірек сызбалар, «дыбыстар сөйлейді» кестесін толтырады.

Бүгінгі сабақтан қандай ой түйдім? Неге үйрендім ?

М Мағжан еліне қамқор, адал жан.

А

Ғ

Ж

А

Н

Ж

Ұ

М

А

Б

А

Й

Бағалау: Топ басшыларының толтырған бағалау парағындағы мәліметтерді қорытындылап, журналға түсіру, жариялау.

Үйге тапсырма.

1.М.Жұмбаевтың сыршыл өлеңін жаттап келу.

2.Мағжанның «Түркістан» өлеңі туралы деректер жинап, танысып келу.

№ 51 М.Қаратаев атында

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.